

YOUTUBE

You

Tube

YouTube тарихы


- YouTube сөзінің айтылуы «ЮТуб» немесе «ЮТьюб»
- YouTube-тағы ең бірінші видеоматериал 2005 жылдың 23 сәуірде жарияланды. YouTube еркін аудармада «сенің теледидарың» деген мағына береді. Бұл, өз хостингінде видеоматериалдарды салуға мүмкіндік беретін еркін сервис. Сервисте жарияланған кез келген видеоматериалды кез келген қолданушы көре алады, пікір(комментарий) жаза алады, видеоны жүктей алады. Қолдануға жеңіл және ыңғайлы болғандығының арқасында осы сервис видеохостингтер арасында әлемде ең танымалдардың бірі болды. Ол, сайтқа кірушелердің саны бойынша әлемде төртінші орын алады. Сервисте әуесқой видеороликтермен қатар, кәсіби түрде салынған фильмдер де бар.

- YouTube жобасы 2005 жылдың 15-ші ақпанда Калифорния штатының Сан-Брунодағы PayPal-дың бұрынғы үш қызметкері (Стив Чен, Чад Херли, Джавед Карим) негізін қалады. YouTube сервисі Flash Video (flv) технологиясын қолдану арқылы жасалды. Осының арқасында видеоматериалдар шағын ауқымда болса да, сапасы жақсы болды.
- 2006 жылдың қарашасында Google компаниясы жобаны 1.65 миллиард долларға сатып алды. Google-да YouTube-ты сатып алғанға дейін өзінің «Google Video» видеосервисі болды. Ол бүгін де жұмыс істейді. 2007 жылдың 14 қарашасында сервис порталдың орыс тілді нұсқасын іске қосты. Орыс тілді нұсқадағы бірінші видеоматериал Петр Наличтің видеоклипін болды.

- ▣ 2008жылдың ақпан айында Пәкістанның өкімет билеушілері Исламға қарсы мәліметтерді орналастыру себептеріне байланысты бұл сайтқа рұқсатты алып тастады.
- ▣ YouTube ережесі бұл сайтқа құрамы бойынша авторлық құқыққа қатысты АҚШ заңымен тыйым салынған бейнелерді ендіруге тыйым салады. Көпшілік жағдайда компания қызметкерлері ұрланған (пиратский) контенттерді өшіріп тастайды. Алайда бұған қарамастан, сервиске авторлық құқықпен қорғалған көптеген бейнелерді ендіру тоқтар емес. Компания қызметкерлері бұған құқық иелерінен не сервис қолданушыларынан шағым түскеннен кейін ғана назар аударады. Бірақ кейбір жағдайда қолданушылардың шағымы заңды бейнетүсірілімдердің қарақшылықпен алынған деп белгіленуіне де әкеп соғады.

- 2015 жылы 15-сәуірде You Tube сайтына 15 жаңа тіл қосылды. Олардың қатарында «Қазақ тілі» де бар.

НАЗАР ҚОЙЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
КӨПТЕН-КӨП РАҚМЕТ!!!



Бітті!

(Кыст және Мутик)